


gorenje

HB600ORAB / HB600ORAW



Пайдалану жөніндегі басшылық KZ

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ KZ

- 1-жылдамдық батырмасы
- 2-жылдамдық батырмасы
3. Желілік шнур
4. Мотор блогы
5. Ыңғайлы сап
6. Тот баспайтын болаттан жасалған блендер қондырмасы

Мақсаты

Бұл батырылатын блендер - тұрмыстық аспап және коммерциялық қолдануға арналмаған. Оны үй жағдайында әдеттегі мөлшердегі тағамдарды дайындау үшін қолданыңыз. Бұл нұсқаулықтарды сенімді жерге сақтап қойыңыз және пайдаланушысы өзгерген жағдайда оны аспаппен бірге табыстаңыз. Аспапты алғаш қолданар алдында блендердің сабын дымқыл матамен сүртіп жіберіңіз. Аспапты электр желісіне қоспас бұрын құрастыру дұрыстығын тексеріңіз. Тағамды блендерде дайындауды бастамас бұрын әрқашан оларды шағын бөліктерге (шамамен 2 см) бөліп алыңыз. Егер ыстық өнімдерді ұсақтайтын немесе өлшейтін стаканға салатын болсаңыз, оларды суытып алыңыз (өнімдердің максималды температурасы 80°C).

Қауіпсіздік шаралары

Желіден жұмыс жасайтын аспаптарды қолдану кезінде әрқашан негізгі қауіпсіздік шараларын сақтаған, соның ішінде өрт, электр тоғынан зақым алу және жарақат алу қауіптерінің алдын алу үшін келесілерді орындаған жөн:

- **Аспап таныс болса да барлық нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз.**

Бұл жабдық Электрлік және электронды жабдықтардың қалдықтары туралы 2012/19/EU еуропа деректемесіне сәйкес таңбаланған (Waste Electrical and Electronic Equipment – WEEE). Осы директива барлық ЕО елдерінде қолданылатын электрлік және электронды жабдықтардың қалдықтарын жинау және кәдеге жарату бойынша талаптарды анықтайды.

- Электр тоғынан зақым алудың алдын алу үшін аспапты, шнурды немесе штепсельді суға немесе басқа да сұйықтыққа батырмаңыз.
- Аспапты тазалау үшін сыртқы бетін дымқыл шүберекпен сүртіңіз.
- Аспапты ешқашан қараусыз қалдырмаңыз.
- Егер аспапты қолданбайтын болсаңыз, сонымен қатар оның бөлшектерін құрастыру және тазалау кезінде оны розеткадан ажыратып қойыңыз. Ешқашан шнурдан тартпаңыз.
- Егер аспап жұмысында ақаулар бар болса, сонымен қатар оны құлатып алсаңыз немесе қандай да бір басқа тәсілдермен зақымдап алсаңыз, шнурды немесе штепсельді бүлінген аспапты пайдаланбаңыз. Авторлық құқығы бар сервис орталығына хабарласыңыз.
- Осы аспапты өндіруші ұсынбаған керек-жарақтарды немесе толықтыруларды қолдану өртке, электр тоғынан зақым алуға немесе жарақатқа алып келуі мүмкін.
- Желілік шнурды майыстырмаңыз, оның үстел жиегінен салбырап тұруына және өткір жиектер арқылы майысуына жол бермеңіз. Желілік шнурдың ыстық беттерге тимеуін қадағалаңыз.
- Ыстық беттерге қолыңызды тигізбеңіз, саптар мен батырмаларды қолданыңыз.
- Осы аспаптың кез келген бөлігін ыстық беттерде қолданбаңыз немесе олардың жанына қоймаңыз (мысалы, газ немесе электрлік жанарғы немесе қызып тұрған пеш).
- Желілік шнурды ақырын қолданыңыз. Аспапты шнурдан ұстап тасымалдамаңыз. Аспапты электр желісінен ажырату үшін шнурдан тартпаңыз, штепсельден ұстаңыз.
- Ұзартқышты қолдану кезінде ұзартқыштың дұрыс жалғанғанына және стандарттарға сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Аспап тек үйде қолдануға ғана арналған.

- Аспапты өз бетіңізше жөндеуге тырыспаңыз; ақаулар туындаған кезде аспапты жақын жердегі сервис орталығына немесе уәкілетті сервис агентіне жөндеуге алып барыңыз.
- Аспапты өз бетіңізше жөндеуге тырыспаңыз. Сервис орталығына хабарласыңыз.
- Аспапты сегіз жастан асқан балаларға және физикалық, қозғалу және психикалық қабілеттері шектелген адамдарға, сонымен қатар оны қолдану үшін жеткілікті тәжірибесі мен білімі жоқ адамдарға тек тәжірибесі бар адамның қадағалауымен немесе егер олар аспапты қолдануға үйретілген болса және аспапты дұрыс пайдаланбауға байланысты туындауы ықтимал қауіпті түсінген жағдайда ғана осы аспапты қолдануға рұқсат етіледі.
- Аспап жұмысы кезінде балаларды қадағалаңыз. Балалардың аспаппен ойнамауын қадағалаңыз!
- Сегіз жасқа толмаған балалар аспапты үлкендердің қадағалауымен ғана тазалай және қызмет көрсете алады!
- Пышақтың өткір жүздерін аса сақтықпен қолданыңыз, әсіресе пышақты ағытып алу және тазалау немесе тағамдарды ыдыстан алу кезінде.
- Аспап электр желісіне қосылып тұрған кезде пышақ жүздеріне қолыңызды тигізбеңіз. Жүздері өте өткір!
- Егер пышақ блокталған болса, пышақты блоктап тұрған тағамдарды алмас бұрын аспапты электр желісінен ажыратыңыз.
- Пышақты немесе аралас дискті қолдану және тазалау кезінде сақ болыңыз. Кескіш жиектер өте өткір болады! Оларды тазалау және тағамдарды ыдыстан алу кезінде аса сақ болыңыз.

Қоршаған ортаны қорғау

Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін аспапты тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмаңыз. Оны одан әрі жою үшін мамандандырылған жерге жіберіңіз. Осылайша қоршаған ортаны қорғауға көмектесесіз.

Кепілдік және сервис

Ақаулар туындаған кезде авторлық құқығы бар сервис орталығына хабарласыңыз. Авторлық сервис орталықтарының тізімін «Кепілді міндеттемелер» кітапшасынан және www.gorenje.com сайтынан таба аласыз.

Тек үйде қолдануға арналған!

GORENJE

**АСПАПТЫ АСҚАН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚПЕН
ҚОЛДАНУЫҢЫЗДЫ ТІЛЕЙМІЗ!**

Өндіруші өзгерістер енгізуге құқылы!